

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САУДА ӨКІЛДІГІН АШУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 6 мамыр  
1994 ж. N 484

Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасындағы  
сауда-экономикалық ынтымақтастық саласындағы үкіметаралық келісімдерді жүзеге  
асыру мақсатында, сондай-ақ Франциядағы сыртқы экономикалық қызметке  
қазақстандық қатысушылардың қызметін үйлестіру мен олардың мұдделерін қорғау  
үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Париж қаласында Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы  
Сауда өкілдігі ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Сауда өкілдігінің  
штаттағы қызметкерлерінің саны 1994 жылдың 9 айына жалақы қоры 111445 АҚШ  
доллары сомасындағы 11 адам мөлшерінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Сауда өкіліне айна  
1535 АҚШ доллары мөлшерінде лауазымдық жалақы белгіленсін.

Сауда өкілдігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы Сауда өкілінің жалақысына  
қарай штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

4. Сауда өкілдігінің қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету

үшін олардың АҚШ долларындағы жалақысы қорынан 2 процент мөлшерінде  
аударым жасау белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Сауда  
өкілдігінің шығыстар сметасы 354780 АҚШ доллары сомасында және  
351800 теңгедей бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға  
арналған бюджетті айқындаған кезде Қазақстан Республикасының  
Француз Республикасындағы Сауда өкілдігін ұстауға қаражат бөлінуін  
ескеретін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК